

"Карантин белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 4 қарашадағы № 304 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 қарашада № 6627 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 338 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 20.12.2020 № 338 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 ақпандағы № 7-1/86 "Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10414 болып тіркелді) бекітілген Шектеу іс-шараларын және карантинді белгілеу немесе алып тастау қағидаларының 4-тармағы 1) тармақшасына сәйкес, "Карантинді бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2020 жылғы 27 қазандағы № 01-04/1073, 2020 жылғы 2 қарашадағы № 01-04/1093 ұсынымдары негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Карантин белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 қыркүйектегі № 246 қаулысына (2020 жылғы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланды, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6539 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ветеринария басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

2020 жылғы 4 қарашасы

№ 304 қаулысына

қосымшасы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің

2020 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 246 қаулысына

қосымшасы

Жұқпалы құс тұмауы ауруының пайда болу жағдайына байланысты карантин белгіленген Солтүстік Қазақстан облысының аумағында орналасқан елді мекендер

Елді мекеннің атауы					
Айыртау ауданы					
1. Арықбалық	ауылдық	округінің	Ағынтай	батыр	ауылы;
2. Сырымбет	ауылдық	округінің	Егіндіағаш		ауылы;
3. Антонов	ауылдық	округінің	Жұмысшы		ауылы;
4. Сырымбет	ауылдық	округінің	Қарақамыс		ауылы;
5. Антонов ауылдық округінің Лавровка ауылы;					
Акжар ауданы					
6. Талшық ауылдық округінің Қазан ауылы;					
Аққайың ауданы					
7. Аралағаш	ауылдық	округінің	Аралағаш		ауылы;
8. Тоқшын ауылдық округінің Тоқшын ауылы;					
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан					
9. Шөптікөл	ауылдық	округінің	Разгульное		ауылы;
10. Рузаев	ауылдық	округінің	Чернобаевка		ауылы;
11. Шұқыркөл ауылдық округінің Шұқыркөл ауылы;					
Есіл ауданы					
12. Бұлақ	ауылдық	округінің	Бұлақ		ауылы;
13. Заградов	ауылдық	округінің	Горное		ауылы;
14. Заречный	ауылдық	округінің	Қарағаш		ауылы;
15. Покров	ауылдық	округінің	Мальцев		ауылы;
16. Торанғұл ауылдық округінің Торанғұл ауылы;					

Жамбыл ауданы					
17.	Қазан	ауылдық	округінің	Екатериновка	ауылы;
18. Кладбинск ауылдық округінің Новорыбинка ауылы;					
Қызылжар ауданы					
19.	Архангельск	ауылдық	округінің	Архангельское	ауылы;
20.	Бескөл	ауылдық	округінің	Бескөл	ауылы;
21.	Бугров	ауылдық	округінің	Бугровое	ауылы;
22.	Лесной	ауылдық	округінің	Глубокое	ауылы;
23.	Вагулин	ауылдық	округінің	Красный Яр	ауылы;
24.	Асанов	ауылдық	округінің	Малое Белое	ауылы;
25.	Налобин	ауылдық	округінің	Налобин	ауылы;
26.	Якорь	ауылдық	округінің	Ольшанка	ауылы;
27.	Лесной	ауылдық	округінің	Пресновка	ауылы;
28. Якорь ауылдық округінің Якорь ауылы;					
Мағжан Жұмабаев ауданы					
29.	Булаев				қаласы;
30.	Қарақоға	ауылдық	округінің	Қарақоға	ауылы;
31.	Конюхов	ауылдық	округінің	Куломзин	ауылы;
32.	Лебяжин	ауылдық	округінің	Лебяжье	ауылы;
33.	Бәйтерек	ауылдық	округінің	Новый быт	ауылы;
34. Чистов ауылдық округінің Чистовское ауылы;					
Мамлют ауданы					
35.	Мамлютка				қаласы;
36. Новомихайлов ауылдық округінің Новомихайловка ауылы;					
Тайынша ауданы					
37.	Тихоокеан	ауылдық	округінің	Алабота	ауылы;
38.	Рошин	ауылдық	округінің	Димитровка	ауылы;
39.	Киров	ауылдық	округінің	Ильич	ауылы;
40.	Рошин	ауылдық	округінің	Краматоровка	ауылы;
41.	Теңдік	ауылдық	округінің	Теңдік	ауылы;
42. Чкалов ауылдық округінің Чкалов ауылы;					
Тимирязев ауданы					
43.	Ақжан	ауылдық	округінің	Ақжан	ауылы;
44.	Ақсуат	ауылдық	округінің	Ақсуат	ауылы;
45.	Белоградов	ауылдық	округінің	Белоградовка	ауылы;
46.	Дзержинск	ауылдық	округінің	Дзержинское	ауылы;
47. Тимирязев ауылдық округінің Тимирязев ауылы;					
Шал ақын ауданы					
48.	Приишим	ауылдық	округінің	Повозочное	ауылы;
49.	Сергеевка				қаласы;
50. Сухорабов ауылдық округінің Сухорабовка ауылы.					